

**«Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК
«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған
тұлғаларға анықтама беру»
мемлекеттік қызметін көрсету ережелері»**

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған адамдарға анықтама беру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы «Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» № 39 бұйрықпен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелді) бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтама аралық аттестаттау нәтижелері бойынша оқудан шығарылған білім алушыларға, академиялық демалысқа шыққан, оқуына ақы төлемеген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа жағдайларда беріледі.

3. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетіледі.

2 бөлім. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – қызмет алушы) қызмет берушіге немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) осы Қағидалардың 1 – қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін (бұдан әрі – тізбе) қоса бере отырып, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, көрсетілетін қызметті берушінің атауы, ұсыну тәсілдері, көрсету мерзімі, мемлекеттік көрсетілетін

қызметтің нысаны, нәтижесі, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері, көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі, мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қызметтер, Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес тізбеде келтірілген.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсе қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініштің және тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған, құжаттардың дәйексіздігі анықталған, олардың осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және құжаттарды ұсынудың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімін аяқтамаған тұлғаларға анықтама береді, ол көрсетілетін қызметті алушыға ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін жеткізу курьер арқылы 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға жіберіледі.

Барлық басқа өңірлердің Мемлекеттік корпорациясы үшін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға 6 (алты) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) (не нотариалды куәландырылған сенімхат

бойынша оның өкілін) ұсынған кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны, тәсілі туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарландыру жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімін аяқтамаған адамдарға анықтама беру туралы хабарлама береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Заңның 10-бабының 5) тармақшасына, 14-бабының 3) тармақшасына, 23-бабына сәйкес орталық мемлекеттік орган осы Қағидаларға өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды өзектендіреді және көрсетілетін қызметті берушілерге, Бірыңғай байланыс орталығына, Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

3 бөлім. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды карауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім

не өзге де әкімшілік іс-қимыл қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Басшының ОЖ жөніндегі орынбасары Г.Омарова